

"Қызылорда қаласындағы ағынды суларды биологиялық тазарту станциясы" объектісін республикалық меншіктен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 мамырдағы N 427 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес және мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қызылорда қаласында орналасқан "Қызылорда қаласындағы ағынды суларды биологиялық тазарту станциясы" объектісі белгіленген тәртіппен республикалық меншіктен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қызылорда облысының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген объектіні қабылдау-беру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі